

## Экологиялық сараптама туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 18 наурыздағы N 85 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007.01.09. N 212 Заңымен.

### МАЗМҰНЫ

Ескерту. Мәтіндегі "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы", "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органдары", "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының" деген сөздер тиісінше "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

Осы Заң басқарушылық, шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға, Қазақстан Республикасы азаматтарының өмірі мен денсаулығына теріс әсер етуіне жол бермеу мақсатында экологиялық сараптама саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

### 1-бап. Терминдер мен анықтамалар

Экологиялық сараптама - шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған орта сапасының нормативтері мен экологиялық талаптарға сәйкестігінің, осы қызметтің қоршаған ортаға жасауы ықтимал теріс әсерлерінің және соларға байланысты зардаптардың алдын алу мақсатында сараптама объектісін іске асыруға қол жеткізілетіндігінің анықтамасы.

Экологиялық сараптама жасалуға жататын құжаттаманың тапсырысшысы - жоспарланып отырған қызметті жобалауға тапсырма берген және сараптама объектісін қаржыландыруды жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға.

Сараптаманың бастамашысы - жобаның тапсырысшысын қоса алғанда, мемлекеттік немесе қоғамдық экологиялық сараптама жүргізудің қажеттігі туралы мәселе қойған заңды немесе жеке тұлға.

Сараптама объектісін іске асыру - жоспарлау алдындағы, жобалау алдындағы және жобалық құжаттамада көзделген шешімдерге сәйкес өнеркәсіптік және өзге де объектілердің құрылысын салу, пайдалану, тарату, қызмет көрсету, бұйымдар

мен технологиялардың шаруашылық айналымына түсуі жөніндегі жұмыстардың басталуы мен барысы, сондай-ақ заң актісінің күшіне енуі, сараптама объектісінің өзге де нақты пайдаланылуы.

Экологиялық қауіпті қызмет - адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізетін немесе тигізуі мүмкін басқарушылық және инвестициялық қызметті қоса алғандағы тікелей және жанама қызмет.

Экологиялық қауіпті объект - іске асырылғанда адамдардың денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізуі мүмкін немесе зиянды әсерін тигізетін сараптама объектісі.

Экологиялық тәуекел - табиғат объектілері мен факторларының кез келген антропогенді өзгерістерінің қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына (қасақана немесе кездейсоқ жасалған, біртіндеп болатын және апатты) қолайсыз зардаптар тигізу ықтималдылығы.

Стратегиялық объект - іске асырылуы табиғи ресурстарды барлау, өндіру, тасымалдау, өңдеу, пайдалану, республикалық маңызы бар инфрақұрылым мен энергетика, аэроғарыштық және әскери кешендер, байланыс саласындағы қызметпен байланысты сараптама объектісі.

Трансшекаралық объект - іске асырылуы адамдар денсаулығына және екі және одан да көп облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және (немесе) шектес мемлекет аумағындағы қоршаған ортаға - кері әсер ететін немесе кері әсер етуі ықтимал сараптама объектісі.

**Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

## **2-бап. Қазақстан Республикасының экологиялық сараптама туралы заңдары**

Қазақстан Республикасының экологиялық сараптама туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экологиялық сараптама мәселелерін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

### **3-бап. Экологиялық сараптаманың мақсаттары**

Экологиялық сараптаманың мақсаттары:

1) жоспарланып отырған басқарушылық, шаруашылық, инвестициялық және өзге де қызметті іске асырудың халық денсаулығы мен қоршаған ортаға ықтимал теріс зардаптарын болдырмау;

2) жоспарланып отырған басқарушылық, шаруашылық, инвестициялық және өзге де қызметті іске асыру туралы шешім қабылданар алдындағы сатыларда, сондай-ақ оларды салу және іске асыру процесінде олардың экологиялық талаптарға сәйкес келуін бағалау;

3) өндіргіш күштерді орналастыру мен дамыту салдарынан экологиялық

жай-күйдің болжамдалып отырған өзгерістеріне сараптамалық бағалауды қамтамасыз ету болып табылады.

#### **4-бап. Экологиялық сараптаманың міндеттері**

Экологиялық сараптаманың міндеттері:

1) ықтимал, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық зардаптарға талдау жасауды қоса алғанда, объектілерде атқарылған қоршаған орта мен халықтың денсаулығына, табиғи ресурстарға жоспарланып отырған басқарушылық, шаруашылық, инвестициялық және өзге де қызметтің әсер етуін бағалаудың толымдылығы мен дұрыстығын анықтау;

2) жоспарланып отырған басқарушылық, шаруашылық, инвестициялық және өзге де қызметтің қоршаған орта мен халықтың денсаулығына әсерін жан-жақты, ғылыми негізделген талдау мен бағалауды ұйымдастыру;

3) Қазақстан Республикасының заңдарындағы, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген стандарттардағы, нормалар мен ережелердегі экологиялық талаптардың сараптама жасалып отырған құжаттамада сақталуын т е к с е р у ;

4) экологиялық сараптама қорытындыларын әзірлеу, оларды сараптама объектісін іске асыру туралы шешім қабылдайтын ұйымдарға беру және мүдделі органдар мен халыққа қажетті ақпарат беру болып табылады.

#### **5-бап. Экологиялық сараптаманың принциптері**

Экологиялық сараптама:

1) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізудің міндеттілігі;

2) министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың бақылаушы және қадағалаушы органдармен өз ара і с - қ и м ы л ы ;

3) экологиялық сараптама тұжырымдарының объективтілігі мен ғылыми н е г і з д і л і г і ;

4) сараптама органдары мен сарапшылардың өз өкілеттігін жүзеге асырған к е з д е т ә у е л с і з б о л у ы ;

5 ) ж а р и я л ы л ы қ ;

6) экологиялық сараптаманың кешенділігі мен оның алуан түрлі болуы;

7) экологиялық және медициналық-биологиялық мүдделердің басымдығы принциптеріне негізделеді.

#### **6-бап. Экологиялық сараптама объектілері**

1. Экологиялық сараптама объектілері мыналар болып табылады:

1) табиғат пайдалану мәселелеріне қатысты жоспарлау алдындағы, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы, шарттар, келісім-шарттар, соның ішінде халықаралық шарттар мен келісім-шарттар;

2) Қазақстан Республикасының қабылданбақ болып белгіленіп отырған,

қоршаған орта мен халық денсаулығына ықпал жасайтын заң актілері мен нормативтік құқықтық актілердің жобалары;

3) шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде табиғат пайдаланушылардың қоршаған ортаны және халық денсаулығын қорғау жөніндегі талаптарды (экологиялық аудитті) сақтауын бағалау материалдары;

4) табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласында лицензиялар мен сертификаттарды алу кезінде экологиялық негіздеме үшін табыс етілетін құжаттама.

2. Кейіннен ерекше құқықтық мәртебе (ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, экологиялық апат аймақтары және басқалар) беру мақсатында аумақтарды кешенді зерттеу материалдары да экологиялық сараптама объектілері болып табылады.

**Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.05.11. N 381 Заңымен.**

### **7-бап. Экологиялық сараптама субъектілері**

Экологиялық сараптама субъектілері мыналар болып табылады:

1) стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерде мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу бөлігінде - қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және оның жергілікті жерлердегі органдары;

2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган мен оның жергілікті жерлердегі аумақтық органдары стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерде мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге тартатын орталық мемлекеттік органдар;

2-1) стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерді қоспағанда, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) субъектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу бөлігінде - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы;

3) қоғамдық экологиялық бірлестіктер, ғылыми мекемелер және олар құратын экологиялық-сараптама органдары;

4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган мен оның жергілікті жерлердегі бөлімшелері және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары экологиялық сараптама жүргізуге тартқан, тиісті лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар (штаттан тыс сарапшылар).

**Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

### **8-бап. Экологиялық сараптаманың түрлері**

Қазақстан Республикасында мемлекеттік экологиялық сараптама мен қоғамдық экологиялық сараптама жүзеге асырылады.

### **9-бап. Экологиялық сараптаманың жариялылығы**

1. Объектілерге экологиялық сараптама жүргізудің бастамашылары оның жүргізілетіні туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауға міндетті. Экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын орган да қажет болған жағдайда  
с о л а й і с т е й д і .

2. Экологиялық сараптама жүргізген сараптама органдары ол аяқталған соң, жұртшылықтың талап етуімен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге түрде бір ай мерзімде экологиялық сараптама тұжырымдары туралы хабарлайды.

## **2-тарау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының экологиялық сараптама саласындағы құзыреті**

### **10-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және орталық атқарушы органдарының экологиялық сараптама саласындағы құзыреті**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі экологиялық сараптама саласында шет мемлекеттер аумағында орналасқан және Қазақстан Республикасының мүдделерін қозғайтын объектілер мен кешендерге мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу қажет болған жағдайда сол мемлекеттермен өзара іс-қимыл ж а с а с у мә с е л е л е р і н ш е ш е д і .

2. Орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

1) экологиялық сараптаманың талаптарына қатысты бөлігінде мемлекетаралық және өзге де бағдарламалардың қамтамасыз етілуіне және  
о р ы н д а л у ы н а қ а т ы с а д ы ;

2) экологиялық сараптама ұсыныстарын іске асыруға бағытталған ғылыми-техникалық шешімдердің енгізілуін ұйымдастырады;

3) халықты экологиялық сараптама қорытындылары туралы сенімді ақпаратпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жүзеге асырады;

4 ) < \* >

**Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

### **11-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның құзыреті**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган мен оның жергілікті жерлердегі бөлімшелері стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерге мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы барлық экологиялық-сарапшылық

қызметті үйлестіруді орындайды.

2. Орталық атқарушы орган қоршаған ортаны қорғау саласында өз өкілеттігі ш е г і н д е :

1) стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілердің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді;

2) Қазақстан Республикасында экологиялық-сараптама қызметін үйлестіреді, бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан, экологиялық сараптама жүргізу мәселелері жөнінде мемлекетте әдістемелік басшылықты жүзеге а с ы р а д ы ;

3) қоршаған ортаға әсерді бағалауды және мемлекеттік экологиялық сараптаманы, оны жүргізу тәртібін қоса, жүргізу жөнінде нұсқама-әдістемелік құжаттарды белгіленген тәртіппен әзірлейді және бекітеді;

4) стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілердің қызметін реттейтін құжаттарды, ондағы экологиялық талаптарды барынша толық есепке алу бөлігінде, үйлестіріп отырады және бекітеді;

5) экологиялық сараптама саласында қоршаған ортаға әсер етуді бағалау проблемалары жөніндегі ғылыми зерттеулерді үйлестіріп отырады;

6) жоспарлау алдындағы, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде табиғат қорғау нормалары мен ережелері талаптарының орындалуын қамтамасыз ету бөлігінде министрліктердің, ведомстволар мен ұйымдардың тиісті қызметтерін бақылауды және үйлестіруді жүзеге асырады;

7) консультациялар, бірлескен экологиялық сараптамалар жүргізу, ғылыми және әдістемелік талдамалар алмасу, осындай жұмыстарға шетелдік мамандарды тарту мақсатында белгіленген тәртіппен басқа мемлекеттердің экологиялық-сараптама органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

8) мемлекеттік экологиялық сараптаманың, басқа да мүдделі бірлестіктер мен құрамалардың эколог-сарапшыларын тиісінше даярлауды ұйымдастырады;

9) табиғат қорғауды жобалауға, нормалауға және экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарға белгіленген тәртіппен лицензиялар беруді жүзеге а с ы р а д ы ;

10) сарапшылық комиссиялардың құрамын белгілейді, экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарды жүзеге асыруға лицензиясы бар штаттан тыс сарапшылар (жеке және заңды тұлғалар) ретінде орталық және облыстың ( республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының, қоғамдық бірлестіктер мен табиғат қорғау қозғалыстарының ө к і л д е р і н т а р т а д ы ;

11) өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардан, заңды тұлғалардан стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерге мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге қажетті

анықтамалық, басқа да материалдар алады;

12) сараптама объектісін іске асыру кезінде заңды тұлғалардың мемлекеттік экологиялық сараптама шешімдері мен талаптарын орындауына бақылауды жүзеге асырады;

13) жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңдары бұзылған жағдайда мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын кері қайтарып алу мен күшін жою құқығымен мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асырады;

14) жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының экологиялық сараптама саласындағы қызметін бақылауды жүзеге асыру ережелерін бекітеді;

15) мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы бланкісінің үлгісін бекітеді.

**Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.**

**№ 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

**12-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының экологиялық сараптама саласындағы құзыреті**

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерді қоспағанда, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) субъектілерінің шаруашылық қызметіне мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастырады және жүргізеді;

2) мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу кезінде қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырады;

3) экологиялық сараптама саласындағы құжаттарды әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізеді және мұндай құжаттардың бастамашылық жобаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның қарауына жібереді;

4) сарапшылық жұмыстарды жүргізу үшін экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарды жүзеге асыруға лицензиясы бар штаттан тыс сарапшыларды (жеке және заңды тұлғаларды) тартады.

**Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.**

**№ 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

**3-тарау. Мемлекеттік экологиялық сараптама**



### **13-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптама және оны жүргізу нысандары**

1. Мемлекеттік экологиялық сараптама - қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган, оның жергілікті жерлердегі бөлімшелерінің және өз құзыреті шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының сараптама қызметінің түрі. Ол міндетті сипатта болады және табиғат пайдалану мен қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсер ету бөлігінде құқықтық, ұйымдастырушылық және шаруашылық шешімдер қабылдаудың алдында жасалуға тиіс. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болмайынша жобаны іске асыруға тыйым салынады.

Үйлерді, ғимараттар мен олардың кешендерін, коммуникацияларды салуға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, реконструкциялауға, қалпына келтіруге, күрделі жөндеуге) арналған алдын ала жобалау, сондай-ақ жобалау (жобалау-смета) құжаттамасының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жекелеген түрлері бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындылары жобалардың мемлекеттік сараптамасының жинақталған қорытындысына енгізіледі.<\*>

2. Қайталап мемлекеттік экологиялық сараптама жасау табиғат пайдалану жағдайлары өзгерген реттерде, бұрын жүргізілген мемлекеттік экологиялық сараптаманың ескертпелері бойынша материалдар пысықталғаннан кейін сот органдары шешімдерінің негізінде жүргізіледі, сондай-ақ Үкіметтің және қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының шешімі бойынша қайталануы мүмкін.

**Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі N 454 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.**

### **14-бап. Міндетті мемлекеттік экологиялық сараптама жасалуға жататын объектілер**

Міндетті мемлекеттік экологиялық сараптама жасалуға мына объектілер ж а т а д ы :

1) жоспарланатын, жоспарлау алдындағы және жобалау алдындағы құжаттамалардың барлық түрлері, болжамдардың, экологиялық және өзге де бағдарламалардың жобалары, қызметтің негізгі бағыттарының тұжырымдамалары, мемлекеттік инвестициялық бағдарламалар, шарттар, келісім-шарттар, соның ішінде меншік нысандарының және басқа да жекешелендіру түрлерінің өзгеруіне қатыстылары, өндіргіш күштерді дамыту мен орналастыру схемаларының жобалары;



2) аумақтарды экологиялық жағынан қалпына келтіру мен жерді жаңғырту жобаларын қоса, су, орман, жер және басқа да табиғи ресурстарды қорғау мен пайдаланудың кешенді схемаларының жобалары;

3) аумақтар учаскелерін кешенді экологиялық зерттеу материалдары;

4) қалалар мен аумақтарды, оның ішінде арнайы экономикалық аймақтар аумақтарын және табиғат пайдалану мен шаруашылық қызметін жүргізудің айрықша режиміндегі аумақтарды салудың (дамытудың) бас жоспарларының ж о б а л а р ы ;

5) кәсіпорындарды, объектілер мен кешендерді, үйлер мен ғимараттарды орналастыруға, салуға, қайта жаңартуға, дамытуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейімдеуге, таратуға арналған техникалық-экономикалық негіздемелер (есептеулер) мен жобалар, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін игеру мен пайдалануға арналған биологиялық негіздемелер;

6) жаңа техникаға, технологияларға, материалдар мен заттарға, оның ішінде шет елдерден сатып алынатындарына қойылатын экологиялық талаптарды негіздейтін құжаттама, табиғи ресурстарды алуға (пайдалануға) рұқсат (лицензия ) беруді негіздейтін құжаттама ;

7) шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асырған кезде экологиялық, оның ішінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бөлігінде заңдардың, нормативтік құқықтық, нормативтік-техникалық және нұсқама-әдістемелік актілердің ж о б а л а р ы ;

8) қауіпті табиғат құбылыстары, шаруашылық немесе өзге де қызмет ( қоғамдық бірлестіктердің, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың өтініші бойынша) нәтижесінде аймақта туындаған экологиялық ахуалды зерттеу м а т е р и а л д а р ы ;

8-1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар желісін дамыту мен орналастырудың сызбасы, сондай-ақ осы аумақтарды құру жөніндегі н е г і з д е м е л е р ;

9) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың қоршаған ортаның жай-күйіне зиянды әсер ететін ықпалын бағалау (бақылаушы органдар мен жергілікті өкілді және атқарушы органдардың шешімі бойынша) жөніндегі құжаттама жатады.

1 0 ) < \* >

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.05.11. N 381 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

**15-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптамаға берілетін құжаттамаға қойылатын талаптар**

1. Мемлекеттік экологиялық сараптамаға берілетін құжаттаманың құрамында тапсырысшы :

1) жоспарланып отырған қызметтің бүкіл жүзеге асырылуы кезеңінде оның қоршаған ортаның жай-күйіне, халықтың денсаулығына тигізетін әсеріне берілген кешенді экологиялық-әлеуметтік және экономикалық бағаны және осы қызметтің экологиялық зардаптары туралы мәлімдемені;

2) жоспарланып отырған қызметті іске асыру туралы орталық және жергілікті атқарушы органдармен келісу құжаттарын, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган белгілейтін тәртіпке сәйкес қоғамдық пікірді ескеру нәтижелерін табыс етуге міндетті.

2. Мемлекеттік экологиялық сараптамаға берілетін құжаттамада:

1) тиімді материалдарды, энергияны үнемдейтін, аз қалдықты және қалдықсыз технологиялық процестерді енгізу;

2) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және ұдайы өсіру, өндіріс қалдықтарын кешенді ұқсату және кәдеге жарату мен тұтыну;

3) сарқынды суларды тиімді түрде тазартуды қамтамасыз ету, сондай-ақ тазартылмаған суларды табиғи су ағыстары мен су қоймаларына, жергілікті жер бедеріне жіберуден басым түрде бас тарта отырып, оларды техникалық мұқтаждар үшін пайдалану;

4) атмосфералық ауаны ластанудан қорғауға қатысты негізделген шаралардың пәрменділігі мен кепілділігі;

5) топырақты, өсіп тұрған өсімдік пен жануарлар дүниесін сақтау мен қалпына келтіру, табиғи-қорықтық қор объектілерінің мәртебесін мүлтіксіз сақтау ;

б) халықты және қоршаған ортаны антропогендік физикалық, химиялық және биологиялық факторлардың зиянды әсерінен қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шешімдер көрсетілуге тиіс.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының тиісті сараптама бөлімшесі мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу үшін қажетті қосымша материалдарды сұратуға құқылы.

**Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.**

**№ 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

### **16-бап. Қоршаған ортаға әсерді бағалау**

1. Қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерді бағалау рәсімін жоспарланып отырған шаруашылық қызметтің тапсырысшысы, ал жұмыс істеп тұрған объектілер үшін кәсіпорынның иесі не орталық және жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді.

2. Қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерді бағалау жобалау

алдындағы және жоба құжаттамасының міндетті және ажырағысыз бөлігі болып табылады, ал жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар үшін бұл республикалық және облыстық маңызы бар бақылаушы органдардың, орталық атқарушы органдардың, кәсіпорын жұмыс істейтін аймақта тұратын азаматтар қоғамдық бірлестіктерінің, сот және прокуратура органдарының, сондай-ақ кәсіпорынның өзінің бастамасы бойынша не қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган мен оның жергілікті жерлердегі бөлімшелерінің шешімі бойынша не өз құзыреті шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының шешімі бойынша жүргізіледі.

3. Қоршаған ортаға әсерді бағалау жобалаудың барлық сатыларында жүргізіліп, онда:

1) жоспарланып отырған қызметтің жүзеге асырылатын жері бойынша қоршаған ортаның жай-күйі;

2) жоспарланып отырған қызметтің мақсатқа жеткізетін балама нұсқалары, соның ішінде осы қызметтен бас тарту;

3) аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму перспективалары;

4) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданылып жүрген заңдарының өзге де талаптары ескеріледі.

4. Қоршаған ортаға әсерді бағалағанда:

1) жоспарланып отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерінің, соның ішінде экологиялық тәуекелдің түрлері мен деңгейлерін айқындау;

2) белгіленіп отырған қызмет жүзеге асырылған жағдайда қоршаған ортаның жай-күйінің өзгерістері мен олардың әлеуметтік-экономикалық зардаптарын болжау;

3) жоспарланып отырған қызметті жүзеге асыру барысында қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлеу;

4) осы саладағы барлық нормативтік талаптарды пысықтау қамтылуға тиіс.

5. Қоршаған ортаға тиген әсерге жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша тапсырысшы оны іске асыру туралы шешімдер әзірлеуге негіз болатын жоспарланып отырған немесе жүзеге асырылатын шаруашылық қызметтің экологиялық зардаптары туралы мәлімдеме әзірлеп, сарапталатын материалдар құрамында табыс етеді.

**Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.**

**№ 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

**17-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асырушы сараптама бөлімшелері басшыларының**

**құқықтары**

## 1. Сараптама органдары басшыларының:

1) белгіленген тәртіппен экологиялық сараптама жүргізу үшін экологиялық-сараптама комиссияларын, топтарын, өзге де құрамаларды құруға, шарт негізінде олардың жұмысына қатысуға жоғары білікті отандық, шетелдік мамандар мен ғалымдарды, соның ішінде шетелдік және заңды тұлғаларды т а р т у ғ а ;

2) сараптама бөлімшелерінің (мекемелердің, ұйымдардың), құрылатын комиссиялар мен топтардың қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыруға;

3) экологиялық сараптама кеңестерін басқаруға, олардың қызметін ұ й ы м д а с т ы р у ғ а ;

4) сараптама жүргізу әдістерін белгілеуге;

5) экологиялық сараптамаға ұсынылған экологиялық нормалар мен ережелерге сай келмейтін материалдарды қабылдамауға;

6) есептеулерде қате және басқа да олқылықтар жіберілген, оны түзету қосымша зерттеулерді, іздестіру жұмыстарын не қосымша қаражат бөлуді керек ететін құжаттар мен материалдарды пысықтау үшін қайтаруға;

7) экологиялық сараптама қорытындыларына қол қоюға;

8) қоршаған ортаға қауіп төндіретін мән-жайлардың жаңадан анықталуына байланысты не жоғарыда аталған қорытынды талаптарын тапсырыс беруші орындамаған жағдайда бұрын берілген экологиялық сараптаманың оң қорытындыларын қ а й т а р ы п а л у ғ а ;

9) сараптама жүргізуге қажетті ғылыми, жобалық, әдістемелік немесе өзге сипаттағы қосымша материалдарды сұратып алуға;

10) банк және басқа да қаржыландырушы органдарға мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы алынбаған объектілер бойынша м а т е р и а л д а р т а б ы с е т у ғ е ;

11) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының бұзылуына кінәлі адамдарды жауапқа тарту туралы мәселелерді шешу үшін тиісті материалдар дайындап, құқық қорғау органдары мен өзге де органдарға т а п с ы р у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган сараптама бөлімшелерінің және оның жергілікті жерлердегі бөлімшелерінің басшылары Қазақстан Республикасының, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың , астананың) бас мемлекеттік экологиялық сарапшылары болып табылады.

Жергілікті атқарушы органның сараптама бөлімшелерінің басшылары облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) бас мемлекеттік экологиялық сарапшысының орынбасарлары болып табылады.

**Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.**

**№ 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

**18-бап. Сараптама қызметін жүзеге асыруда мемлекеттік  
экологиялық сараптама органдары басшылары  
тәуелсіздігінің кепілдіктері**

1. Экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу кезінде сараптама органдарының басшылары тәуелсіз болады және осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес іс-қимыл ж а с а й д ы .

2. Сараптама органдары басшыларының тәуелсіздігі олар туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган бекітетін ережелермен де қамтамасыз етіледі, бұл ережелер:

- 1) оларды тағайындау және босату тәртібін;
- 2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы қолданылып жүрген заңдарына қайшы келмейтін өзге де ережелерді қамтиды.

**19-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшылық  
комиссиясы**

1. Сарапшылық комиссиясын мемлекеттік немесе қоғамдық экологиялық сараптама тағайындауға, оған бастамашылық етуге және оны жүргізуге құқығы бар орган нақты объектіге экологиялық сараптама жүргізу үшін құрады. Сарапшылық комиссиясының құрамында сарапшылық зерттеу бағыттары б о й ы н ш а т о п т а р құрылады.

2. Сарапшылық комиссиясы жұмысының нәтижелері сарапшылық комиссиясының жиынтық қорытындысы түрінде баяндалады. Сарапшылық комиссиясының құрылымын, мазмұнын, қорытындысын іске асыру мен оған шағым жасау тәртібін экологиялық сараптама жүргізуді ұйымдастырушы сарапшылық орган белгілейді, сарапшылық комиссиясының нақты жұмыс т ә р т і б і н д е с о л б е к і т е д і .

3. Сарапшылық комиссиясының Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес өзін құрған орган беретін құқықтары мен міндеттері болады.

**20-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшысы**

1. Экологиялық сараптама жүргізуге қажетті арнаулы білімі және жеткілікті тәжірибесі бар, экологиялық сараптама жүргізуге белгіленген тәртіппен қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және облыстың ( республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы тартқан адам мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшысы болып т а б ы л а д ы .

2. Штаттан тыс сарапшылардың сараптама жұмыстарын жүргізуі мен оларға ақы төлеуге байланысты қатынастарды қоспағанда, экологиялық сараптама жасалуға тиісті құжаттама тапсырысшысының өкілі немесе мемлекеттік

экологиялық сараптама объектісін әзірлеуші, сондай-ақ тапсырысшымен немесе әзірлеушімен еңбек немесе өзге де шарттық қатынаста тұрған заңды және жеке тұлғалар мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшысы бола алмайды.

3. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшысы өзі жасаған сараптама үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен жауап береді.

4. Мемлекеттік экологиялық сараптама сарапшысының:

1) осы Заңның 15-бабына сәйкес сараптама жасалатын объектіге жан-жақты және объективті баға беру үшін маңызы бар қосымша материалдарды табыс етуді талап етуге;

2) экологиялық сараптама жүргізуге біліктілігі жоғары мамандарды қосымша тартуға;

3) сараптама жұмысын, әдіснамасын ұйымдастыруды жетілдіру, оны жүзеге асырудың тәртібі мен принциптері жөнінде ұсыныстар енгізуге;

4) мемлекеттік экологиялық сараптама объектісі жөнінде мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысына қоса берілетін ерекше пікір қалыптастыруға құқығы бар.

5. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшысы:

1) экологиялық сараптаманың кешенді, объективті, сапалы жүргізілуін қамтамасыз етуге;

2) экологиялық сараптама туралы заңдардың, өзге де заң актілерінің талаптарын сақтауға;

3) сараптаманы қолданылып жүрген стандарттар, нормалар мен ережелер негізінде жүргізуге;

4) экологиялық сараптаманы жүзеге асырудың белгіленген мерзімі мен тәртібін сақтауға;

5) экологиялық сараптаманың дәлелді қорытындыларын дайындап, оларды сараптама объектісін іске асыру туралы шешім қабылдайтын органдарға және тапсырысшыларға дер кезінде беруге;

6) сараптама жасалатын объектілерді одан әрі қарауға қабылдамаған, не оларды негіздейтін материалдар пысықтауға қайтарылған кезде экологиялық сараптаманың қорытындысын объективті бағалап, дәлелді түрде негіздеуге;

7) материалдардың сақталуын қамтамасыз етуге және өзінің құпия құжаттарға қатысты әрекеттерін олардың иесімен келісуге, өзіне сеніп тапсырылған мәліметтердің жария етілуіне жол бермеуге міндетті.

**Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.**

**№ 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

**21-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптама сарапшысының құқықтарын іске асыру мен қорғаудың кепілдіктері**



1. Сарапшының экологиялық сараптама жүргізумен байланысты қызметіне мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалар мен лауазымды адамдардың араласуына тыйым салынады, бұған сарапшының Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын бұзған реттері кірмейді.

2. Мемлекеттік экологиялық сараптама сарапшысының бұзылған құқығы, соның ішінде материалдық шығындары мен моральдық жағынан шеккен залалы сот және әкімшілік тәртібімен қорғалуға тиіс, ал бұл жолсыздыққа кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауап береді.

### **22-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшылық кеңестері**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның мемлекеттік экологиялық сараптама бөлімшелері мен облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының жанынан кеңесші органдар болып табылатын және сол органдар туралы ережелерге сәйкес жұмыс істейтін сарапшылық кеңестері құрылады.

2. Орталық және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының сарапшылық кеңестері туралы ережелерді, олардың құрамдарын тиісінше қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігі әзірлеп, бекітеді.

3. Сарапшылық кеңестерге табиғат қорғау органдарының лауазымды адамдары, ғылыми-зерттеу мекемелерінің, жоғары оқу орындарының ғалымдары, біліктілігі жоғары практик-мамандар мен жұртшылық өкілдері мүше бола алады.

**Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

### **23-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшылық кеңестерінің өкілеттігі**

1. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшылық кеңестерінің қ а р а у ы н а :

1) экологиялық сараптама жүргізу кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, қоршаған ортаны қорғаудың, табиғи ресурстарды пайдалану мен молықтырудың күрделі проблемаларын талқылау;

2) экологиялық жағынан қауіптілігі жоғары объектілер жөнінде тиісті экологиялық сараптаманың қорытындыларын қарау;

3) экологиялық сараптаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу жатады.

2. Экологиялық сараптаманың сарапшылық кеңесі ол туралы ережеде көзделген өзге міндеттерді де жүзеге асырады.

### **24-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптама рәсімі**



1. Мемлекеттік экологиялық сараптама рәсімі бірізді сатылардан тұрады, олардың барысында сарапшылық органдар сараптама объектілерін зерттеп, бағалайды және негізді, объективті сараптамалық қорытынды дайындайды.

2. Мемлекеттік экологиялық сараптама рәсімі:

1) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу туралы өтінішті тіркеуді;  
2) сараптамаға берілген қажетті материалдардың, реквизиттердің болуын және толымдылығын, соның ішінде жоспарланып отырған шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалауды және олардың Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына және нормативтік талаптарға сәйкес келуін анықтауды тексеру болып табылатын алдын ала сараптаманы;

3) сараптаманың қажетті деңгейін, материалдардың талдап өңделуін, жоспарланып отырған не жүзеге асырылатын қызметтің экологиялық қауіптілік дәрежесіне салыстырмалы талдау жасау мен ішінара баға беруді, сараптама объектілерін іске асыру негіздерінің жеткілікті және анық болуын көздейтін сараптаманың негізгі сатысын;

4) жекелеген сараптамалық бағасы мен экологиялық сараптаманың нәтижелерін қорытуды, материалдардың келісілгені немесе олардың қабылданбай тасталғаны туралы тұжырымдары бар сараптамалық қорытынды әзірлеуді қоса алғанда, сараптаманың қорытынды сатысын қамтиды.

3. С а р а п ш ы о р г а н :

1) осы Заңның 15-бабында аталған құжаттарды тапсырысшы табыс етпеген;  
2) қоршаған ортаға тигізген әсерге берілген баға немесе экологиялық зардаптар туралы мәлімдеме белгіленген талаптарға сай келмесе немесе қате деректер болған, ол деректерсіз объективті шешім қабылдау мүмкін болмайтын жағдайда объектіге мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге өтінімді қабылдамай тастауға құқылы.

### **25-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізудің ұйымдық нысандары**

Мемлекеттік экологиялық сараптаманы:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның сарапшылық қызметінің штаттағы қызметкерлері, оның жергілікті жерлердегі аумақтық бөлімшелері және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары;

2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган мен оның жергілікті жерлердегі бөлімшелері, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары штаттан тыс сарапшыларды тарта отырып құратын сарапшылық комиссиялары;

3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган құратын салааралық сараптама комиссиялары жүргізеді.

Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

## **26-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу мерзімдері**

1. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу мерзімі үш айдан аспауға тиіс, қаралатын құжаттаманың көлемі мен күрделілігіне қарай бұл мерзім алты айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу мерзімін алты айдан астам уақытқа ұзарту құжаттама тапсырысшысының өтініші бойынша ғана және оның сараптама жұмыстарына қосымша ақы төлеуге кепілдіктері болған жағдайда жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізудің басталу мерзімі сарапшылық органдарға алдын ала сараптамадан өткен қажетті құжаттамалардың бәрі берілген және тапсырысшы сараптама жұмыстарына ақы төленгені туралы құжаттардың көшірмесін табыс еткен кезден бастап белгіленеді. Бұл орайда алдын ала сараптамадан өткізу мерзімі екі аптадан аспауға тиіс.

3. Мемлекеттік экологиялық сараптама мерзімін белгілеу мен ұзарту қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқарушы органның құзыретінде болады.

## **27-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы**

1. Жүргізілген мемлекеттік экологиялық сараптама нәтижелері бойынша сараптама қорытындысы жасалады, онда экологиялық сараптама объектілерін іске асыру жөнінде шешімдер қабылдауға болатындығы мен мүмкіндігі туралы тұжырымдар болуы керек.

2. Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының тұжырымдары мен ұсыныстары қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган, оның жергілікті жерлердегі бөлімшелері және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары оны қабылдағаннан кейін барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

3. Мемлекеттік экологиялық сараптама теріс қорытынды берген жағдайда тапсырысшы сараптамалық қорытындының ұсыныстарына сәйкес оларды пысықтауды қамтамасыз етуге және ол белгілеген мерзімде қайтадан экологиялық сараптама жүргізуге барлық материалдарды табыс етуге немесе көздеп отырған қызметінен бас тартуға міндетті.

4. Мемлекеттік экологиялық сараптама оң қорытынды бермейінше жобаларды мемлекеттік, коммерциялық банктердің, сондай-ақ кез-келген меншік нысандарындағы өзге де қаржы мекемелерінің қаржыландыруына және іске асыруға тыйым салынады.

5. Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысына сарапшылық бөлімшелердің басшылары белгіленген үлгідегі бланкіде қол қояды.

Ескерту. 27-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

### **28-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының қолданылу мерзімі**

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың жоба құжаттамасына оң қорытындысының берілген күнінен бастап, құрылыс басталғанынша екі жылға дейін, ал жұмысы істеп тұрған және салынып жатқан кәсіпорындар құжаттамасының бес жылға дейін заңды күші болады.

## **4-тарау. Қоғамдық экологиялық сараптама**

### **29-бап. Қоғамдық экологиялық сараптаманы қолдану**

1. Қоғамдық экологиялық сараптама - кез келген қызмет түріне экологиялық баға беру үшін халықтың жекелеген топтарының, қоғамдық бірлестіктер мен ғылыми ұйымдардың бастамасымен құрылатын сараптама комиссиялары ерікті негізде жүзеге асыратын қызмет түрі. Ол сол объектілерге жүргізілетін мемлекеттік экологиялық сараптамаға қарамастан жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Қоғамдық сараптаманың қорытындысы ақпараттық және ұсыныстық сипатта болады.

### **30-бап. Қоғамдық бірлестіктердің экологиялық сараптама саласындағы өкілеттігі**

Қоғамдық бірлестіктердің басқару органдары экологиялық сараптама саласында экологиялық сараптама жүргізуді олар туралы жарғылар мен ережелер бойынша Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

### **31-бап. Қоғамдық экологиялық сараптама рәсімі**

1. Қоғамдық экологиялық сараптама рәсімі:

- 1) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізудің мемлекеттік тіркелуін;
- 2) оның басталуы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында мәлімдеуді;
- 3) қоғамдық экологиялық сараптама қорытындысын дайындауды;
- 4) бұқаралық ақпарат құралдарына экологиялық сараптама нәтижелері туралы х а б а р л а у д ы қ а м т и д ы .

2. Мәлімдемеде қоғамдық экологиялық сараптама жүргізудің бастамашысы, қоғамдық сараптамашы құрамалар мен экологиялық сараптама объектілерінің орналасқан жері туралы мәліметтер хабарланады.

### **32-бап. Қоғамдық экологиялық сараптама жүргізуді мемлекеттік тіркеу**

1. Қоғамдық экологиялық сараптама жүргізуді мемлекеттік тіркеуді аумағында сарапталатын қызмет көзделген жергілікті атқарушы органдар

қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

2. Тіркеу үшін берілген өтінімде қоғамдық экологиялық-сараптамалық құрамалардың құрамы туралы мәліметтер, экологиялық сараптама жүргізу көзделген объектінің атауы, оны жүргізу мерзімі көрсетіледі.

## **5-тарау. Экологиялық сараптаманы қаржыландыру**

### **33-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы қаржыландыру**

1. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы қаржыландыру қаражаты, сараптама жұмыстарын жүргізгені үшін төленетін төлемдер есебінен жүзеге асырылады.

2. Экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарды жүзеге асыруға лицензиясы бар штаттан тыс экологиялық сарапшылар (жеке және заңды тұлғалар) жүргізетін сарапшылық жұмыстарға шаруашылық қызметтің бастамашысы (тапсырысшы) ақы төлейді.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 334, өзгеріс енгізілді - 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.**

### **34-бап. Қоғамдық экологиялық сараптаманы қаржыландыру**

Қоғамдық экологиялық сараптаманы қаржыландыру қоғамдық экологиялық бірлестіктер мен қорлардың өз қаражаты есебінен немесе қоғамдық негізде жүзеге асырылады.

## **6-тарау. Экологиялық сараптама жасалуға тиіс құжаттама тапсырысшыларының құқықтары мен міндеттері**

### **35-бап. Экологиялық сараптама жасалуға тиіс құжаттама тапсырысшыларының құқықтары**

Тапсырысшылардың:

1) сарапталатын объектілерге қатысты немесе сараптама объектілерінің жекелеген талдамалары мен негіздемелері бойынша жазбаша немесе ауызша түсіндірмелер, ескертпелер мен ұсыныстар беруге;

2) экологиялық сараптаманың алдын ала және түпкілікті қорытындыларымен танысуға;

3) қосымша, қайталап немесе бақылаушылық экологиялық сараптама жүргізудің орындылығы туралы мәлімдеуге;

4) егжей-тегжейлі зерттеулер мен есептеулерді талап етпейтін түзетулерді, өзгерістерді дер кезінде енгізуге;

5) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары, шарт ережелері

не өздерінің құқықтары бұзылған жағдайларда қоғамдық сараптама қызметін көрсету кезінде шартты бұзуға;

б) экологиялық сараптама жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының бұзылуынан келтірілген зиянды өтеу туралы сотқа шағым жасауға құқығы бар.

### **36-бап. Экологиялық сараптама жасалуға тиіс құжаттама тапсырысшыларының міндеттері**

Т а п с ы р ы с ш ы л а р :

1) экологиялық сараптамаға қажетті материалдардың сапалы дайындалуы мен берілуін қамтамасыз етуге;

2) экологиялық сараптама субъектілеріне сарапталатын объектілер жөнінде қажетті материалдар мен консультациялар, мәліметтер, есептеулер, қосымша т а л д а м а л а р беруге;

3) қоғамдық пікірді ескере отырып, сараптама объектісін одан әрі іске асыру жөнінде шешімдер қабылдауға міндетті.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде:

1) белгіленген тәртіппен сарапшылық жұмыстарына ақы төлеуге;

2) сараптама қорытындысында баяндалған экологиялық сараптаманың нұсқауларын, ұсыныстарын орындауға, кемшіліктер мен жаңсақтықтарды дер кезінде жоюға;

3) сараптама органдары белгілеген мерзімде жобаларды экологиялық сараптамадан қайта өткізуге табыс етуге міндетті.

## **7-тарау. Экологиялық сараптама саласында келіспеушіліктерді шешу**

### **37-бап. Экологиялық сараптаманы жүзеге асыру кезінде келіспеушіліктерді шешу**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган немесе облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мен тапсырысшылар арасында туындаған, хаттамамен ресімделген келіспеушіліктерді қорытынды берген органның, сондай-ақ тапсырысшының қатысуымен қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық а т қ а р у ш ы о р г а н қ а р а й д ы .

2. Келіспеушіліктерді қарау мерзімі, әдетте, келіспеушіліктер хаттамасы және басқа да қажетті материалдар түскен күннен бастап бір айдан аспауға тиіс. Қажет болған жағдайда ол қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның шешімімен ұзартылуы мүмкін, бірақ үш айдан аспауға тиіс.

3. Келіспеушіліктер жөніндегі шешімге сотқа шағым жасауға болады, ол

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіп бойынша ұйымдар мен лауазымды адамдардың жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

4. Экологиялық сараптама саласындағы мүліктік даулар сот тәртібімен шешіледі.

5. Қоғамдық экологиялық сараптаманы жүзеге асыру кезінде туындаған келіспеушіліктерді осы бапқа сәйкес шешуге болады.

**Ескерту. 37-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

### **38-бап. Экологиялық сараптама қорытындыларын жарамсыз деп тану**

1. Экологиялық сараптама қорытындыларын әзірлеу кезінде мынадай кемшіліктер жіберілген жағдайда:

- 1) экологиялық сараптама жүргізу рәсімі бұзылғанда;
- 2) экология нормалары мен ережелері, экологиялық қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және молықтыру талаптары орындалмағанда немесе бұрмаланғанда;
- 3) азаматтардың өмірі мен денсаулығына жайлы қоршаған орта жөніндегі құқықтары, халықтың басқа да экологиялық құқықтары мен мүдделері, экологиялық сараптама процесіне қатысушылардың құқықтары бұзылғанда;
- 4) экологиялық сараптамаға қатысушы тараптардың құқықтары бұзылған өзге де жағдайларда олар жарамсыз деп танылуы мүмкін.

2. Экологиялық сараптама органы өзі қабылдайтын шешімдер үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен жауап береді.

## **8-тарау. Қазақстан Республикасы табиғат қорғау заңдарының экологиялық сараптама саласында бұзылу түрлері**

### **39-бап. Қазақстан Республикасы табиғат қорғау заңдарының экологиялық сараптама саласында бұзылу түрлері**

1. Қазақстан Республикасы табиғат қорғау заңдарының экологиялық сараптама саласында бұзылуы:

- 1) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізудің белгіленген міндетті тәртібін бұзу;
- 2) жүргізілген экологиялық сараптаманың нәтижелерін бұрмалау;
- 3) экологиялық сараптама шешімдерінің, тұжырымдарының жариялану тәртібін, соның ішінде түпкілікті қорытынды қабылданғанға дейін, бұзу;
- 4) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болмайынша,

қоршаған ортаны қорғау саласында лицензиялар беру не объектілер салуды және өзге де қызметті жүзеге асыру;

5) сарапшылық комиссияларын құру мен қызметін ұйымдастыру тәртібін бұзу;

6) лицензиялары жоқ ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің және өзге де құрылымдардың экологиялық сараптаманы жүзеге асыруы;

7) экологиялық сараптама жүргізген кезде экологиялық қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен молықтыру талаптарын бұзу;

8) қоғамдық бірлестіктердің экологиялық сараптаманы ұйымдастырып, жүргізуіне кедергі жасау;

9) сарапшылық органдар мен құрылымдарға қажетті материалдар, мәліметтер мен деректер беруден жалтару;

10) сарапшыны негізсіз экологиялық сараптама жүргізуге не көрінеу бұрмаланған және объективті емес қорытындылар дайындауға мәжбүрлеу;

11) заңда көзделген сарапшылық қызметті немесе экологиялық-сарапшылық қызмет көрсетуге шартпен жүктелген міндеттемелерді орындамау;

12) мемлекеттік және қоғамдық экологиялық сараптама жүргізуді тіркеуден негізсіз бас тарту болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында экологиялық сарапшылық қызмет бөлігінде табиғат қорғау заңдары бұзылуының өзге де түрлері белгіленуі мүмкін.

#### **40-бап. Экологиялық сараптама туралы Қазақстан Республикасы табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық**

Экологиялық сараптама саласындағы заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзғаны үшін Қазақстан Республикасы аумағындағы шаруашылық қызмет объектілері жалға және басқаруға берілген заңды және жеке тұлғалар, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауап береді.

#### **9-тарау. Экологиялық сараптама саласындағы халықаралық ынтымақтастық**

##### **41-бап. Экологиялық сараптама саласындағы халықаралық ынтымақтастық**

1. Экологиялық сараптама саласындағы халықаралық ынтымақтастық тиісті шарттар негізінде адамның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мақсатында жүзеге асырылады.



2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда Қазақстан Республикасының экологиялық сараптама туралы заңдарындағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның бастамасы бойынша халықаралық экологиялық сараптамалар жүргізілуі мүмкін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК